

Егемен Қазақстан

Камал Ормантаев академик

**Ұлттық болмыс реформалардың қалтарысында қалып
қоймай ма?**



Қазақта дара, дана данышпандар аз болмаған. Сондай дарабоздың бірі Мұхтар Әуезовтің «Бесігінді түзе!» деген сөзін жиі айтамыз. Тал бесік арқылы ұрпақты тәрбиелеуді бейнелеген ұлы қаламгердің терең ойын әрқайсымыз жете түсініп, түйсінсек, қане? Ол ұлт ұл-қызының тәрбиесін, денсаулығын көзден таса етпе, бүгін көлкілдеп жүргеніңмен тәрбиені оңбаса, денсаулығың сыр беріп жатса, ертең өңкілдеп жүресің дегенді алға тартады. Өзі осы неге байланысты деген сауалға былайша жауап береді. «...адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел.

Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты (тағылымы) әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағылымыңды, бесігінді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» дейді. Міне, бесігінді түзе деген сөздің арғы жағында әйелдің халін түзе деген үлкен ұғым жатыр. Біз кейде осы ұлы ұғымның тереңіне үңілмей, бетін қалқып, екі сөзді бөліп алып, бірде Мұхтар Әуезовтің атына, бірде халықтың еншісіне, кейде өз ойымыздан шыққандай айта салатынымыз бар. Бұл арғы ғасырдағы ұлыдан қалған сөз десек, жаңа дәуірде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашағымыздың негізі. Біз балаларымыздың денсаулығын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдер енгізу мәселесімен жұмыс жүргізуіміз қажет. Барлық 16 жасқа дейінгі балаларды медициналық қызметтің барлық спектрімен қамту қажет деп ойлаймын. Оны ең төменгі өмір стандарттарына заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет. Бұл қадам ұлт денсаулығын қамтамасыз етуде маңызды үлес болады» деп нақты бағыт берді.

Міне, осы ұлт денсаулығын қамтамасыз ету, сол ұлттың табан тірейтін ертеңгі тірлігінің тірегі, соғар жүрегі, болаттай білегі жас ұрпақтың саулығы, осы саладағы кейбір күрделі мәселелер туралы бүкіл саналы ғұмырын бала емдеу ісіне арнаған, Отанымыздағы балалар хирургиясының негізін қалаған, қазір ел дегенде сырт пішіні еңкіш тартса да ақыл-парасаты, ой-байламы бекем, аларым кетсе кетсін бейкүнә сәби үшін айтарым кетпесін деп жүрген айтулы ғалым Камал Сәруарұлы ОРМАНТАЕВТЫ әңгімеге тартқан едік.

– «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – әурешілдікті көре көре келдік» деп Абай данышпан айтпақшы, мен қазір 77 жастың есігін қағып тұрмын. Медицина саласының табалдырығын аттағаным 60 жыл, адам емдеп келе жатқаным, оның ішінде балалар дәрігері ретінде еңбек еткеніме 54 жыл болыпты. Бірден айтайын, мен осы уақытқа дейін клиникалық медицинада бала емдеуден бір сәт те қол үзген емеспін. Бар балаға бауыр етімдей еміреніп қараймын. Олардың жанарындағы жасты көргім келмейді. Көре қалсам, бұл қалай болды деп ет жүрегім инемен шабақтағандай сыздап қоя береді. Қай жерден олқылық кетті, жетістігімізді дұрыс пайдалана алмай, пәк жанына үңілмей, тәніндегі сырқатты ажырата білмей осы күйге түсірдік пе деп жанымды шүберекке түйемін. Кеткен кемшілікті іздеймін. Оның ақиқатын тапсам тиісті адамдарға тура айтамын. Тура айтқан туғанына қайдан жақсын. Кейде осындай турашылдығымды ниеті күңгірттер теріс ұғады. Елдің жауы деп көрсетуге бейім тұрады. Жоқ, мен ел үшін қазақ жұртының ұрпағы, сол ұрпақтың бесігін тербетер ана үшін тура сөзді сөйлеп, тура қызмет жасауға бел буғанмын. Бадырайып тұрған кемшілікке көнбейтін жаман әдетім бар. Турашылдық жолда ешкімнен көк тиын дәмектен емеспін. Тұрмысым ел қатарлы. Шіріген олигарх деген аттан аулақпын. Балаларым да солай. Мен осындай әділдіктің жолын тәуелсіздік алғаннан кейін ғана көрініп қалу үшін қалағам жоқ. Менің шырылым қарабастың қамы емес, ұрпақтың жайы. Өйткені, өмір бойы сол ұрпақтың қасындамын. Бәрі көз алдымда. Бәрін алақанымдағыдай көріп тұрмын. Көріп тұрып көр соқырдай үндемей қалу – мен үшін қасірет, ұрпақ үшін сор деген ой қарағайға біткен қарсы бұтақтай қайыстырады да тұрады. Ес білгелі қисық істі көрсем, теріс айналмай бетке айту – сүйекке сіңген қасиет. Мен дәрігерлік ант қабылдағанда адамды адал емдеймін дедім. Сол сөзімді жұтып қоймай, орындап келемін. Бала емдеуден қол үзбей жүріп, Ана мен бала институтын да басқардым. Баяғы турашыл мінезден министрге жақпай қызметтен де қағылған кездерім болды. Бір жолы сондай әділетсіздікті ұлтымыздың біртуар азаматы Дінмұхаммед Қонаев түзеп, жылы орныма қайта жайғастырғаны бар. Сол директорлыққа үшінші рет қайта баруыма Президент Нұрсұлтан Назарбаевта септігін тигізді. Менің

шындық үшін күресіп жүргеніме көзі жетіп, «Орныңыздан орынсыз босатыпты. Жұмысыңызды жалғастыра беріңіз» деп еді.

– Камал Сәруарұлы, сіз біріншіден – егемен ел педиатрларының атасысыз, екіншіден – балалар хирургиясының ғылыми негізін қалаушы тұңғыштар қатарындасыз, яғни ғалым-дәрігерсіз, үшіншіден – сізді шын мағынасындағы ұлт жоқшысы, білім, білігі мықты зиялылар қатарына қоссақ, келісесіз бе?

– Сұрағынның астары қатпар-қатпар екен. Асыра мақтап та жібердің бе, қалай, мен көп қатарындамын, халық қызметшісімін. Көппен бірге болу – бақыт. Атам қазақ: «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» дейді. Мен сол көптің жыртысын жыртығанымды мақтан етемін. Керек десең, тілегім де, талабым да солар үшін болатынын, өзіме иненің жасуындай шарапат күтпейтінімді алда да айттым-ау деймін. Сол сөзім – сөз. Қамшының сабындай аз ғұмырымда адамға, сол адамның өмірін жалғастыратын балаға жақсылық жасамасам, «Атымды адам қойған соң, Қайтіп надан болайын» деп Абай айтқандай, адамдығым қайсы? Адамнан артық қадірліні мен жер бетінен көрген де, естіген де емеспін. Сұрағынның соңғы бөлігі – қорғасындай ауыр ойға жетелейді екен. Содан бастайын. Шынында, біз зиялымыз ба? Қазақтың рухын тәуелсіздік алған жылдар ішінде асқақтата алдық па? Елбасы айтып жүрген отаншылдықты жастардың санасына сіңіруге қосқан үлесіміз қандай? Ұлттың мақсат-мүддесін алға шығарып, тұғырын бекіттік пе? Әлде ішкі есеппен билігі барға жағынып, бас пайданы алға оздырайын, атақ қуып, бала-шағаның қызметін өсіріп, шенеунік дәрежесіне жеткізейін деген күйкі тірлік кешудеміз бе? Күнін көре алмай жүргендердің жағдайын қаузап, ондайлар көзге түссе, бұл да адам баласы ғой дей алдық па? Не көлбең-көлбең етіп оны қор, өзімізді зор санадық па? Болмаса осының бәрін ысырып тастап, ұлт үшін, жұрт үшін, адал азаматтар үшін дегенге ден қойдық па? Апыр-ай, сенің сұрағыңнан менің сұрағым асып кетті ме? Біз осы сұрақтарға тура жауап бере алсақ, ұлт зиялыларының қатарынан табылар едік. Мен шын зиялы деп Алаш арыстарын айтамын. Кеңестік жүйе кеңірдектен алып, тынысы тарылтып бара жатса да олар «Оян, қазақ!» (М.Дулатов) деп өткен. Бір дәйек келтірейін, Әлихан Бөкейхан түрмеде жатқанда, «Сізді ататын көрінеді, есебін тауып, шығарып әкетейік» депті жақтастары. Сонда Алаш арысы: «Оған барсақ, сендерді тірі қоймайды. Мен өлімге дайынмын» деген. Осы күні «Ел, Отан, халықтың қадірлі азаматы үшін жан қиюға қалайсың?» десе, «Иә, мен дайынмын!» дейтін пенде табылар ма екен? Қайдам. Мен бұл сөздерді елімнің, ұлтымның рухы мықты болса екен дегендіктен алға тартып отырмын. Қазақтың сөзін сөйлейтіндердің ойы мен бойында Алаш рухы менмұндалап тұрса, жемқорлық деген жегі құрт, ұлт байлығын ысырап ететіндер жойылар еді. Ондайлардан Отан үшін деген сөзді естудің өзі қиын шығар. Мемлекетін тонағандарды тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін ұқпаған жатбауыр, қаскөйлер десем, ешкім артық дей қоймас. Мен Асанқайғы болайын деп отырғаным жоқ, қазаққа ой салу. Асан қайғы десе, кейбіреулер тыжырынады. Асанқайғы ел жайын айтқан, елім еңсесін тіктесін деген, кемді көзге шұқып көрсеткен. Абай қазақты неге сынайды? Жек көргендіктен бе, жоқ. Данышпан ақын «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтатыны» еске ұстаған. Президент жыл сайын халыққа Жолдау арнайды. Онымен танысқандар, әсіресе, ауылдықтар жағдайымыз жақсаратын болды, деп үміттенеді. Бірақ ол сенімді орындаушылар ақтай бермейді. Менің ойым айтады, әр жылғы Мемлекет басшысының Жолдауда айтқандары қаншалық орындалды, орындалмаса себебі не деген мәселені саралап, үндеу қабылдаса, кейінгі Жолдаулардағы сөз бен іс ақаусыз үйлесім табар еді. Осы күні жұмысқа тұру, тіпті, еден жуудың өзіне алыс-беріссіз орналасу екіталай көрінеді. Мінберге шығып сөйлегендердің сөзіне құлақ салсаң, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды. Келмеске кеткен кеңес заманында 93 пайыз байлық орталыққа кетіп жатыр, өзімізге қалатыны 7 пайыз дейтін едік. Қазір олай емес, билік өзімізде, байлық қолда. Ендеше, халықтың бір бөлігі неге кедей? Ауыл мен қаланың арасында жұмыс үшін

сабылып жүргендер аз ба? Осы сабылыс, тамақ асырау қияметі кейде олардың арасынан адам айтса сенгісіз қылмыстардың жасалуына себеп болуда. Дүниені дүр сілкіндіріп тұрған АҚШ-тағы, үкілеп үлгі тұтып, бар жақсысын қабылдап жатқан Еуропадағы жұмыссыздық талайдың үрейін ұшырып, ертеңіне алаңдатуда. Қазір ауылды ірілендіріп, қала дәрежесіне жеткізу қолға алынды. Жөн. Бірақ оның тетігі зерттеліп, зерделенген бе? Болмаса жұртты жылы орнынан қозғап, қазіргі сабылып жүргендердің қатарына қосудың қажеті қанша? Менде бір үрей бар. Осындай реформалар ұлттық болмысымызды, халықтық менталитетімізді жойып, рухымыздан айырып, дүбәра қылып жібермесе екен? Екінші жағынан ауылды оңтайландырамыз, қаланың дәрежесіне жеткіземіз деп жерді босатып алмаймыз ба? Ата-бабадан қалған мұраның бастысы – киелі жерімізде көздің қарашығындай сақтау керек қой.

– Көздің қарашығы кетсе – соқырсың, жерден айырылсаң – жұтылып құрисиң демексіз ғой.

– Ойымды тап басып, күдігімді ұқтың. Мен ауылдан кіндігімді үзген емеспін. Туған өлкем Қызылорда облысының Қармақшы ауданына барсам, егіліп қайтам. Ауылда мұғалім, бірлі-жарым тәрбиеші мен дәрігерден басқа айлық алатын адамдарды көрмейсің. Момын қазақ кемпір-шалдың зейнетақысына қарап отыр.

– Олар нарыққа неге бейімделмейді?

– Осы ақылды айтар алдында, сен ауылға барып, он күн тұрып көрші. Жағдай жақсы, ішкендері артта, ішпегендері алда, төрт құбыласы түгелдер кеңседе отырып, сен секілді әңгіме тиегін ағытады. Қазір біздің шенеуніктердің көбі теория жүзінде жұмыс істейді. Қазақ жерінің 67 пайызы шөл және шөлейт, соның қатарында менің кіндік қаным тамған облыста бар екенін білмейсіңдер ме? Ондай жер ғылым тілінде адамның күн көрісіне қолайсыз аймақ делінбейтін бе еді? Құнарлы өңір туралы әңгіме бөлек. Мұны бір деп қой. Екіншіден, ауылдағылар азын-аулақ тірлік жасаса, өнімін өткізе алмай, титықтайды. Зуылдаған делдалдарға жем болып жатқандар да жоқ емес. Ол аздай алыпсатарлар шетелдің жілік майы татымайтын тамақ пен сапасыз тауарларымен көміп тастайтыны және бар. Өзің өндірімеген соң, өзегің қалай жалғанады.

– Жоғарыда айтқанымыздай, сіз ғалым дәрігерсіз. Қазіргі дәрмені шамалы қоғамдық ұйымның емес, бедел биігі дүркіреген Қаныш Сәтбаев құрған академияның санаулы академиктерінің бірісіз.

– Емеурініңнен түсіндім. Қазақ ғылымы қай дәрежеде демексің-ау шамасы. Өткен ғасырдың басында, 1918 жылы ұлы Мұхтар Әуезов ғылымы дамыған елмен ғылым жолына түсе алмаған жұрттың арасын «айласыз хайуан мен ақылды, айталы адамның арасындай» деп қазақ қайтсе ғылымды дамыта алады, ол үшін не істеу керек деп, «Адам құрымаса, ғылым өрлей бермек, адамның түсіне кірмейтін неше түрлі ғажаптарды шығармақ» дей келіп, қараңғылықтан құтқаратын жарыққа шығаратын ғылым депті. Иә, балаң жігіт Мұхтар Әуезовтің бұл сөзінен туар ой – қазақ талантты халық, дарынды халық. Тек түз қыранындай бабын келтірсең болды дегенді меңзейді. Қазір де таланттар көп. Бастау көзін тап басып, бағын апсаң жастардың арасында да жетіп артылады. Өзіміз біле бермегенмен әлемді мойындатқан азаматтарымыз аз емес. Бір замандары Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы. Қуғыншы қандай болса, мал қайтпақшы» деген еді. Шынында біз қазір дәл сондай жоқшымыз. Әрине, жетістігіміз де, табысымыз да, абыройымыз да бар. Оны кім жоққа шығара алады. Барыңды ешкім тартып алмайды. Жоғынды іздесең, ұтылмайсың. Мен барды көріп, біле отырып, жоқты іздеп жүрген адаммын. Ұлылар үлгісін жалғайын, өсиетін орындайын, ұрпақ сабақтастығын

алға апарып, кейінгінің қолына ұстатайын дейін. Бұл тәуелсіз елдің әр адамының бойынан табылуы тиіс деп білемін. Осыны ұғақоймайтындар маған ала көзбен қарайды. Айта береді деп ренжиді. Ел үшін, ұрпақ үшін көзім жұмылғанша мәселені қозғай бермекпін. Қазақтың алдыңғы алыптары да ұлтқа керекті тізбелеп айтқан. Біз қазір содан дәйек алып, мақтан тұтамыз. Сол Алаш арыстарының ұлылары Мұхаң (Әуезов) мен Қанекен (Сәтбаев) бас болып өзге алыптар қоштап, керегесін керіп, шаңырағын көтеріп, уығын шаншыған, Ұлттық Ғылым академиясы шынында қазір дәрменсіз қоғамдық ұйым екені рас. Ғылымдағы қол жеткен жетістіктер де елеулі еді. Ол кезде бүгінгі шенеуніктер мен жасанды академиктер секілді нағыз ғалымдар төрде отыратын. Алатын айлықтары министріңнен жоғары болатын. Ғалым атану абырой еді. Кешегі аласапыранда оның бәрі қалып, кандидат, доктор болу берекесіз жарысқа, жалған бәсекеге айналды. Ғалым да ғалым, әкім де ғалым, бизнесмен де ғалым. Несін айтасың, сауаты бардың бәрі оқымысты болып шыға келді. Бірлі-жарымы академияның құрметті мүшелері. Қазір ғылымның жайын ғылыммен бірге жасасып келе жатқандар емес, солар айтатын болды. Соның кесірінен қазақ ғылымы қазір қалт-құлт күйде. Мыңдаған ғылым докторы мен кандидаттарды тізгенде Қазақ елінің ғылымы керемет екен деуге болатындай. Әйтсе де, атақ бар, атақ алғандар бар, ғылым әлеуеті ақсап тұр. Бұл жерде мен өмірін ғылымға арнағандарды, олардың біразы ашқан жаңалықтарын өндіріске енгізе алмай пұшайман болып жүргенін білмей отырғам жоқ. Әңгіме ауқымы ғылыммен жолай айналысқандар, ауыз толтырып айтар жаңалықтары жоқ ғалымдар жайлы болып отыр. Енді ғылыми атақ PhD докторы деген шықты. Бұл ғылым кандидатынан әлдеқайда төмен жатыр. Осы күндері өресіне қарамай, PhD докторы болуға талпынушылар көбейді.

Доктор, кандидат болу жарысы саябырлағанда, Ғылым академиясына мүшелікке өткізу жөнінде жиын өтті. Корреспондентмүше болғысы келетіндердің қарасы көп екен. Арасында аты бар, ғылыми мектебі қалыптасқандар да, санаулы жылдарда ғылым докторы дәрежесін иеленгендер де аз болмады. Шыны керек, ғылымға қосқан үлесін, ашқан жаңалығын, оның өндірістегі нәтижесін, елге берген пайдасын өзінен басқа, көбіне жетектеп жүргендерден өзгелер біле қоймайтын азаматтардың қасиетті орынға талпынуы ойландырды. Осы күні жетістікті кітаппен өлшейтін болдық. Бірақ, ақшаң болса кітап шығару түкке тұрмай қалды. Бірінші мәселе, ғылымға қосқан жаңалығы болуы керек. Тіпті әулеттерімен атақ алғандарды да көрдік. Олар ертең академик болады. Ғылымның, академияның беделін көтереміз десек, бұл киелі мекемеге үлкен өзгеріс керек. Атқа жеңіл, тайға шақтан арылтпасақ, нағыз ғалымдар шеттетіліп, ысырылып қала бермек. Тағы бір айтайын дегенім, академияның жарғысына академияға қарсы сөйлегендерді мүшеліктен шығарып тастайтын өзгеріс енгізді. Мен оған қарсы дауыс бердім. Егер академияның беделін, ғылымның абыройын көтеруге бір кісідей жұмылсақ, ортақ пікірге ұйысақ, кім қарсы сөйлеуге дәті барады. Көзге ұрып тұрған кемшілікті айту – қарсы шығу ма? Ғылым әлемі, ғылыми орта – ресми кеңсе емес қой. Онда түрлі пікір алысулар, толғағы жеткен тақырыптарды талдап, талқылап, бір қорытындыға келетін зиялылар орны емес пе? Ұлттық академияның өткен тарихына адал оймен қарасаң, ондай жиындардың өткенін, оған Қаныш Сәтбаевтай ұлы ғалымның, біртуар ізбасарларының, ұлт зиялыларының ұйыса отырып, қатысқанын көресің. Біз, алыптардың көзін көргендер, тәу етер тәуелсіздік тұсында сол үлгіні қалпына келтіріп, академияны еркін ой айтатын, еркін жүретін, бір елі ауызға екі елі қақпақ қой демейтін, ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жұмылып кететін құт мекенге айналдырып, кейінгіге үлгі көрсеткеніміз ләзім. Қазір ғылымға мемлекеттік грант бөлінеді. Сол шын ғалымдардың қолына тиіп жатыр ма? Бөлінген қаржы қалай қадағаланып отыр? Нәтижесін кім анықтауда? Иә, ғылым көктемде егіп, күзде орып алатын арпа емес, оның қорытындысы ондаған жылдарға созылуы мүмкін. Тың жаңалықтар ашылса, бөлінген қаржы миллиардтаған пайда әкеледі.

– Камал Сәруарұлы, өміріңіздің өзегіне айналған медицина саласына ойысқақ қайтеді?

– Болады. Мен медицина мәселесін, ана мен балаға қатысты жайларды айтудай айтып, жазудай жазып келемін. Биылдың өзінде газеттерге төрт-бес сұхбат беріп, теледидарлардан сөйледім. Осыдан үш жыл бұрын өзің қызмет ететін «Егемен Қазақстанға» «Дені сау бала – мемлекеттің болашағы, елдің байлығы» деген мақала жаздым. Ақиқатты ашынып айттым, «Мына деректер рас па, өтірік пе, Ормантаев жала жауып, ел атына кір келтіріп отырған жоқ па?» деген адамды кездестірмедім. Сөйтіп жүргенімде, ұлттың ұлы тұлғасы, марқұм Салық Зиманов хабарласып, «Сенің «Егемен Қазақстандағы» мақаланды оқыдым. Талайға ой салған шығар. Жоғарыдағыларды сілкіндірген болар. Қай-қайсымыз да бар мен жоқты осылай жалтақтамай айтуымыз керек. Бұл қастық емес, достық, ұлтқа деген жанашырлық, жанайқайы ғой» деді. «Бәрі үнсіз» деп едім, академик: «Апыр-ай, бұл жұрт газет оқымайтын болған ба? Әлде үйдей мәселеден үнсіз құтылуға тырысып отыр ма? Топан су тобықтан келмейтін, жақсыға да, жаманға да, әттеген-айға да селт етпейтін селқостық ой-санамызды шырмап тастаған ба?» деп күйініп еді. Жиырма жылда денсаулық сақтау саласын 11-ші министр басқарып отыр. Қай-қайсысы да өз реформасымен келіп, кетіп жатыр. Олар жіберген кемшілігін тек Елбасы айтқанда ғана мойындаған болады. Сөзім жалаң шықпас үшін бір мысал келтірейін. Таяуда Президент өзі бас болған халықаралық «Болашақ» бағдарламасы туралы олқылықты қадап тұрып айтты. Бюджеттен қаржы бөлінгенмен нәтиже жоқ деді.

Жақсы көріну үшін бастыққа жағынуың керек. Жаңа министрге кіріп, бұрынғы нашар еді, сен мықты екенсің десең, алдыңнан ақ күн туады. Бірақ, ондай арзан мінез көрсету менде жоқ. Сондықтан да бастықтарға ұнай қоймаймын. Мысалы, еститін құлақ, көңіл аударатын адамдар болса, алты жылдан бері айтып келе жатқан бір мәселе бар еді. Соны тағы да ел газетінің бетінде қайталағым келіп отыр. Ол еліміздің медициналық жоғары оқу орындарында балалар дәрігерін дайындайтын педиатр факультеті еді. Ол факультет жабылғалы 6 жылдың жүзі болды. Ұлттық Ғылым академиясы секілді шенеуніктер бір бұйрықпен факультетті жойды да жіберді. ТМД-да ондай факультеттер жұмыс істеп жатыр. Іргелес Өзбек, Ресей мемлекеттерінде жеке институттар маман дайындап отыр. Олар неге жоя салмайтынына қайранмын.

– Қазіргі жоғары білім беру жүйесі бойынша да педиатр дайындауға болады. 6-7 курстарда оқытылады. Сіз көтеріп жүрген мәселе ескі тәсіл дейтіндер бар. Бұған қандай уәж айтасыз?

– Теориялық медицина, клиникалық медицина деген бар. Нағыз дәрігер клиникада еңбек етеді. Ол күндіз-түні ауырған адамдардың қасында жүреді. Ал теориялық медицинаның иелері көп жағдайда шенеуніктер. Олар да керек. Бірақ, сол азаматтар дәл бүгін елдің жағдайын толық біледі деп айта алмаймын. Алыстағы ауылға ат ізін салса әкімдер дайындап қойған орындарға барып, соны көреді де қанағат етеді. Одан қалса, дайын ақпараттармен қаруланып, соны сұрағандарға беріп отырады. Сөйте тұрып, бір адамды емдемесе де, бір күн дәріс оқымаса да білім беру, емдеу, стандартын жасайды. Сондай стандартты түзген басшы профессорға: «Сен бір адамды емдеп көрген жоқсың, мына емдеу стандартын қалай жасадың, кіммен ақылдастың сала мамандарымен сөйлестің бе, ғалымдармен кеңестің бе?» дегенім бар. Одан кейін ол орынға бір емес, бірнеше адам келіп кетті. Бәрі де бұрынғы сартап жолдан шыға қойған жоқ.

Бала деген бір әлем ғой. Өмірге жаңа келген нәрестені ананың өзі қолына ұстай алмайтын жағдай кездеседі. Оған осы кезде кім көмекке келеді – педиатр дәрігер. Жүйке жүйесі әлі дамымаған, ағзасы жетілмеген, психологиялық тұрғыда да өзгеше бала жанын ең бірінші түсінетін кім – педиатр дәрігер. Бір жасқа толмаған бала ауырса, ауруханаға әкеледі. Айтарға тілі жоқ нәресте қолды-аяққа тұрмай шырылдап жатады. Қандай көмек болады деп әке-шешесі, ата әжесі шұбырып жүреді. Мұндай кезде де қолұшын созатын, диагноз қоятын, ем жасайтын тағы да – педиатр дәрігер. Екінші бірі бала дәрігері бола

алмайды. Мен осыны айтып, құйма құлаққа да, басқа құлаққа да түсіндіре алмадым. Дұрыс ем жасалмаса, бала кем болып қалады. Кей жағдайда өмірден жалт етіп өте шығады. АҚШ-та балаға диагноз қою үлкен проблема. Олар ауырған сәбиге үш бірдей аппаратты қолданады, үшеуі де бір сырқатты көрсетсе, соған сай ем жасайды.

Балалар дәрігері 26 мамандыққа бөлінеді. Мәселен, мен балалар хирургімін. Сәбидің іші жүз түрлі жағдайда ауырады. Оны да кез келген дәрігер анықтай алмайды. Бала мен үлкеннің ағзасы бірдей емес. Екеуіне, яғни үлкенге де, балаға да бір дәрігер қызмет көрсетеді дегенге мен ешқашан келіспеймін. Себебі, алпыс жылдан бері сол баланы емдеумен келе жатқан адаммын.

Иә, жаңа оқу жүйесі бойынша 6-7 курста оқытады. Сол екі жылда студент 26 мамандықты толық біліп кете ала ма? Күмәнім бар. Бұрын студент педиатр факультетіне қабылданған күннен бастап бала дәрігері болуға дайындалатын. Қазір студенттерден бала дәрігері болу жөнінде сұрау салғанымызда ынта білдіргендер 5 пайыздан аспай қалды. Бұл педиатр факультетін жапқаннан кейін болған жағдай. Мен көптен бері айтып келе жатқан бір тілегім мынау еді. Педиатрия факультетін ең болмаса Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медициналық университетте қалпына келтіріп, шәкірт дайындауды жүзеге асыру. Қазір тәжірибелі педиатр дәрігерлер қартайып барады. Біз осы жайды жанжақты тарата айтып, 32 педиатр-профессор Елбасына да хат жаздық.

– Қазір дәрігерлерді, аурухананы өзін таңда деген секілді идеядан туғанау сонда.

– Дұрыс айтасың. Біз ең алдымен Еуропаға жүгінеміз, Еуропа елдерінде бала халық санының 10 пайызын құраса, біздің Отанымызда бұл көрсеткіш 30 пайыз. Ендеше, қаулап өсіп келе жатқан елдің ұрпағына жасалар жақсылықты кәрі құрлықтың қамқарекетімен теңестіргеніміз қалай болды? Еліктеудің де, солықтаудың да жөні бар емес пе? Алға ұмтылу керек шығар. Бірақ ала-құла күн кешіп отырған бізге бірден секіріс жасау ерте секілді. Оның үстіне Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне ден қойсақ, медицинаға бөлінетін қаржы жалпы ішкі өнімнің (ІЖӨ) 6 пайыздан кем болмауы тиіс. Бұл біздің елімізде 3 пайызға жетержетпес (2,7). Франция, Германияда 8 пайыз, АҚШ-та 15 пайыз.

Бір жасқа дейінгі өлім көрсеткіші ел дамуын көрсетеді десек, бізде 1 жасқа дейінгі балалардың қайтыс болуы Ресей мен Украинадан екі есе, Белоруссиядан үш есе артық екен. Семіздік деген кесел де етек жайып барады. Осы арада «Егемен Қазақстан» (27 шілде, 2013 жыл) газетінің Қызылорда облысындағы тілшісі келтірген мына бір деректерді жұртшылық назарына ұсынсам деймін. «Елдің денсаулық жағдайы да елеңдеуге тұрарлықтай. Ал халық денсаулығының кері кетуіне құлап жатқан «Протондардың» «көмегі» көп. Мысалы, 1999 жылы «Протон» зымыранының құлауына байланысты 2001 жылы Қарағанды, Қостанай, Ақмола облыстарында 48 000 адамның денсаулығы медициналық зерттеулерден өтіпті. Соның ішінде жасы үлкен адамдардың 70 пайызы, балалардың 80 пайызы түрлі ауруларға шалдыққаны анықталған. Соңғы 20 жылда бүйрек пен бауыр, бронхит аурулары 30 есеге, артритпен ауыратындардың саны 40 есеге артқан. Әйелдің 80 пайызы қан аздығымен ауырса, соның ішінде жүкті әйелдердің үлесі 100 пайыз болып отыр. Қан құрамының алмасуы мен өзгеруі сияқты аурулар жүкті әйелдер мен жаңадан туған балалардың арасынан көп таралып жатыр». Бұған не деуге болады?

– Кадр дайындауда да, жекеменшік медицинада да, отбасылық дәрігерде де толғақты жайлар баршылық емес пе?

– Бар болғанда қандай! Бұрын студенттер алаңсыз оқитын. Қазір олардың көбі әрі оқиды, әрі күнкөріс үшін жұмыс істейді. Мұндай жағдайда әлемде бар делінетін 14 мың

ауруды терең танып, жан-жақты біліп, білікті дәрігер болып шығуы күмәнді. Жекеменшік медицина орталықтарына жағдайы жақсылар барады. Жарлыжақыбайлар оның есігінен қарай алмайды. Олардағы құрал тәуір, емдеушілердің айлығы жоғары, ақша төлеген соң құрақ ұшып қызмет етеді. Бұл аз қазақтың арасына келе-келе сына қағар ма екен деген күдігімді де айта кетсем артық болмас. Шағын ауылға бір дәрігер мен бір медбикеден тұратын отбасылық дәрігердің қажеттігін жоққа шығармаймын. Ал аудандағы, облыстағы, қалалардағы отбасылық дәрігердің болуына келіспеймін. Себебі, отбасылық дәрігердің бәрі бірдей мықты білгір емес. Көбі диагноз қоюда шатасып жатады. Сондықтан мұндай емдеу мекемелерінде сала мамандарының болғаны ауадай керек. Жақында қазақтың бір белгілі азаматы отбасылық дәрігерге барып, немересіне екпе жасау жайын сұраса, айта алмапты. Ол маған келіп, «Бұл қалай, сіз қайда қарап отырсыз» деген кейіп танытады. Отбасылық дәрігерді қолдамайтынымның себебі, осындай келеңсіздікте жатыр. Мен балалар дәрігері керек деп неге шырылдаймын. Оның астарында бала тағдыры жатқандықтан.

– Мазмұнды әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен Сүлеймен МӘМЕТ